



# ЗАН газеті

zangazet@mail.ru



ZANMEDIA.KZ


Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

№66 (3191) 3 қыркүйек 2019

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

## «ХАЛЫҚҚА БЕРГЕН УӘДЕЛЕРІМДІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЙМЫН!»



Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа алғашқы Жолдауын жасады. Заң шығарушы органның биік мінберінен жолданған сөздің мазмұнына қарап Президенттің елдің жай-күйін барынша зерделегені айқын аңғарылды.

(Соңы 3-бетте) >

### МІНБЕР

**Бағлан МАҚҰЛБЕКОВ,**  
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы:

## «ЦИФРЛАНДЫРУ – ҮШІНШІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ӨЗЕГІ»

Елімізде заңның үстемдігін қамтамасыз ету Тұңғыш Президенті жария еткен бес институционалды реформалардың басты міндеті болып табылады. Елбасы 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында цифрландыруды Қазақстанды үшінші жаңғыртудың өзегі деп атады.

Сонымен қатар Н.Назарбаев республика Судьялар одағының соңғы екі съезінде электронды сот төрелігін дамытуға қатысты нақты міндеттерді атап көрсетті. Соттардың заманауи жұмыс форматтары мен озық электронды сервистерін енгізу Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында көрсетілген басымдықтардың бірі болып табылады.

(Соңы 5-бетте) >

### Ойталқы

**Ерлан ҚАРИН, ҚР Президентінің кеңесшісі:**

– Президент бұл құжатпен жеке өзі жұмыс жасады. Мен мұны нақты айта аламын. Ол оған президенттік сайлау аяқталған соң бірден кірісті. Сол кезден бастап Жолдауда көрініс табатын маңызды деген тезистермен алдын ала жұмыс істеді. Әрине, Президент аппараты Жолдау мәтініндегі заңдық-құқықтық компоненттерді өңдеп, өзгей-өзгелі оны бір сүзгіден өткізіп, оған өзіндік үлес қосты. Мәніне, өнді Үкімет өзара кеңесіп, Президенттің тапсырмаларын орындау үшін жалпыұлттық жоспарды қабылдайды деп ойлаймын. Ол жан-жақты болады...

Президент бүгінгі Жолдауы арқылы саяси бәсекенің өсуін, көппартиялықты дамытуды, диалогты күшейтуді көздеп отыр. Мәнін ойымша, Мемлекет басшысы либерализация бағдарына ден қойып отырғанын тағы бір мәрте дәлелдейді.

### БАЗЫНА

**ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ УАҚЫТ ӨТКЕН САЙЫН АРТ-ЖОҒЫҢ ҚАСЫ. ЕЛІМІЗ ҮШІН АСА АУЫР БОЛҒАН 90-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ҮЛКЕН СӨМКЕЛЕРІН КӨТЕРІП, БАЗАРДА САУДА ЖАСАП ОТБАСЫН АСЫРАҒАН ДА ӘЙЕЛДЕР. БҮГІНДЕ ӘЙЕЛДЕР БИЗНЕСТЕ, ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНДА, ӘКІМШІЛІКТЕ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНДА, ТІПТІ ҚОРҒАНЫС САЛАСЫНДА ДА ЕҢБЕК ЕТІП, ЕЛІМІЗДІҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІНЕ ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП ЖАТЫР.**

касы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның колдауымен Ақмола облысының әкімдігі, G-Global Халықаралық Хатшылығы, «Жасыл экономика және Global-ды дамыту Коалициясы» және «Қазақстан әйелдерінің аграрлық одағы» бірлестіктері ұйымдастырған.

Мәжіліс депутаты Майра Айсинаның

## АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ФОРУМЫ

*шалғайдағы аналардың мәселесін шеше ме?*

Кокшетау қаласында өткен Ақмола облысы ауылдары әйелдерінің форумына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Майра Айсина, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ақмади Сарбасов, Ұлттық экономика вице-министрі Айгүл Шайымова, «Жасыл экономика және Global дамыту Коалициясы» заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрайымы Салтанат Рақымбекова сияқты тұлғалар қатысып, әйелдерді қолдау және жұмысқа орналастыру мәселелері төңірегінде өз ойларын бөлісті.

Ақмола облысында осымен екінші рет өткізіліп отырған форумды «Соца-сола» халықаралық қоры мен Қазақстан Респуб-

айтынша, бүгінде ел тұрғындарының 52 пайызын құрап отырған әйелдер барлық салада еңбек етеді. Қазіргі таңда еліміздегі еңбекке қабілетті 9 миллион адамның шамамен 40 пайызын әйелдер қауымы құрайды екен. Жалпы ішкі өнімнің әрбір үшінші бөлігін солар шығарады.

(Соңы 4-бетте) >

## ЖОЛДАУДАН НЕ ТҮЙДІҢІЗ?

**Советхан СӘКЕНҰЛЫ, Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:**

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауындағы мемлекеттік тілге қатысты тапсырмасының астын сызып көтер өдім. Оның «Мемлекеттік тіл елімізде ұлтаралық тіл болуы керек» – деген тапсырмасы қалтқысыз орындалуы шарт. Бұл соншалықты қиын шаруа емес, оны жүзеге асыру үшін қыруар қаржы бөлудің де қажеті жоқ. Ол үшін Ата Заңымыздың 7-бабының 1-тармағына пермен беріп, кейінгі тармақты мүлде алып тастасақ болғаны. Егер батылымыз жетіп дәл осылай жасасақ Президенттің айтқаны болады. Жалпы, мемлекеттік тілді білмейтін қазақстандықтарды мемлекеттік қызметке қабылдамайтын заң талабын енгізсек, бүгінгі ұрпақ өздері-ақ қазақша сөйлеуге тырысып, оның болашағына зор сеніммен қарайтын еді. Кеңіліме қонған екінші мәселе ол митинг туралы заңды жетілдіру жөніндегі оды. Азаматтар өзінң қандай да бір наразылығын билікке бейбіт жолмен жеткізу үшін неге әкімдіктен рұқсат сұрауы керек? Демократия деген қайда? Халықаралық жаңалықтарды қарап отырсаңыз, өлемнің түкпір-түкпірінде халықтың өз позицияларын білдіріп күнде көшеге шығып жатқанын көресіз. Ал, бізде бәрін қиындатып жіберген.

**ҚР** Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауынан сіз не түйдіңіз? Халық асыға күткен бұл Жолдау несімен ерекше? Елді елең өткізерлік тапсырмасы қайсы? Дәл осы сауалдарға қатысты мамандар пікірін білген едік.

(Соңы 3-бетте)



«СИҚЫРЛЫ ТАЯҚ»  
САҚШЫЛАРҒА  
ҚАЙТАРЫЛДЫ

2-БЕТ >

**БАШҚА ДАУЛАРЫ**  
БОЙЫНША КЕЛІСІМГЕ  
КЕЛЕТІНДЕР АЗ



6-БЕТ >

**АТЛАМАҢ**

(әңгіме)



8-БЕТ >



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті:



Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы  
Послание Президента Республики Казахстан

# «ХАЛЫҚҚА БЕРГЕН УӘДЕЛЕРІМДІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЙМЫН!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

## Мықты Президент, ықпалды Парламент, есеп беруші Үкімет

Президенттің айтуынша, сайлауды бағдарламасында өзі уәде еткен саяси өзгеріс мемлекет пен халықтың мүддесін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асады. Бұл үрдісте «алға жүгіру» болмай, барлығы жеті рет өлшеп, бір рет кесіледі. Өйткені, тосыннан, жүйесіз басталған саяси либерализация ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығына алып келіп, мемлекеттіктен айырылуға түрткі болуы мүмкін. Халыққа берген уәделерін міндетті түрде орындайтынын айтқан Мемлекет басшысы. Мықты Президент, ықпалды Парламент, есеп беруші Үкімет. Бұл айқындалған факт қана емес, біз жеделдетілген қарқынмен ұмтылатын мақсат. Біздің ортақ міндетіміз азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел әрі тиімді түрде жауап беретін «Еститін мемлекет» деген тұжырымдаманы енгізу. Тек қана билік пен қоғамның тұрақты диалогының арқасында үйлесімді мемлекет құра аламыз. Сондықтан, азаматтық қоғамды қолдап, нығайту керек, олардың талқылауына ең өзекті жалпымемлекеттік міндеттерді шешу мақсатында ұсыну керек. Негізгі мәселелер көшеде емес, азаматтық диалог аясында Парламентте талқыланып, өз шешімін табуы тиіс» деп сөзін тұжырымдады.

Келесі кезекте назар аударған мәселе – төл тілімізге қатысты шешім болды. Мемлекет басшысы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезі келгенін мәлімдеді. Бірақ, мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз данғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпау қажеттігін калерге салды.

## Сот шешімінде теңсіздікке орын жоқ

Азаматтардың құқығы мен бостандығы бұл жолдаудың негізгі басымдығы болды деген орынды. Алдағы уақытта құқықтық саланы үлкен реформа күтіп тұр. Онда әсіресе, сот шешімдерінің сапасын арттыруға айрықша назар аударылатын сияқты.

Президент жалпы судьялардың заңға, ішкі сеніміне сай шешім шығару құқығы мызғымайтынын айта келіп, сот шешімдеріне жіті талдау жасау, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз ету қажеттігі кезек күттірмейтінін мәлімдеді. Себебі бұл салада заңсыздық баршылық. Әсіресе, жария-құқық даулар бойынша шығарылған шешімдер мен олардың әрекеттеріне шағым жасағанда азаматтар жиі теңсіздікке тап болады. Олардың мүмкіндіктері мемлекеттік аппараттың әлеуетіне сәйкес емес. Сондықтан дауларды шешудің, аталған айырмашылықты азайтудың ерекше тетігі ретінде әкімшілік юстицияны енгізу қажет. Заңнаманың барлық түсініксіз және қайшы талаптары азаматтардың пайдасына тәпсірленуі керек.

Мемлекет басшысы жазалардың ізгіленуіне қатысты да көзқарасын білдірді. «Біз шектен тыс жазалау шараларынан

бас арттық. Алайда, елде ауыр қылмыстар өте көп. Заңнаманы ізгілендіруге тым әуестену азаматтардың негізгі құқықтарының бұзылуына алып келіп отыр. Соған орай, жедел түрде жыныстық зорлық, педофил, есірткі тарату, адамдарды саудалау, тұрмыстық зорлық тағы да басқа да жеке тұлғаға, әсіресе балаларға қарсы қылмыстарға жазаны қатайту керек» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Тоқаев жақында орын алған қайғылы жағдай браконьерлік ұйымдасқан қылмыстың ауыр түрі екенін ашып көрсеткеніне назар аударды. Тек биылдың өзінде браконьерлер қолынан жануарлар әлемін қорғау қызметіндегі екі инспектор қаза тапты. Құқық қорғау органдары бетімен жібергендіктен қасқырлар әбден тамыр жайып алған. Олар біздің табиғатымыз – ұлттық байлығымызды аяусыз жойып жатыр. Сондықтан, Үкімет екі ай ішінде тиісті заңнаманы қатайту үшін жедел шаралар қабылдау керек.

## Сыбайлас жемқорлыққа бірінші басшы жауапты

Күн тәртібінен сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі де түспейді. Орталық және жергілікті органдардың құқықтық актілерінің жобаларына сарапшылар мен қоғамдық ұйымдарды қатыстыра отырып, талдау жүргізуді қалпына келтіру маңызды нүкте. Сыбайлас жемқорлық дерегі орын алған құзыретті органның бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік түрде реттеген жөн. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйым қызметкерлерінің заңсыз әдістері мен арандатушылық әрекеттері үшін қатал жауаптылық қарастырылған дұрыс.

Маңызды бағыттардың бірі құқық қорғау органдарын толыққанды реформалауға арналып отыр. Мемлекет басшысы бұл ретте полицияның мемлекеттің күштік құралы ретіндегі образы біртіндеп тарихқа еніп, бұл институт азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет ететін орган болатынын айтты. Сондықтан бірінші кезеңде 2020 жылдың соңына дейін әкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта құру міндеті тұр. Мұны науқаншылыққа салынбай сапалы жүргізу керек. Осы мақсатта ІІМ-ін реформалауға алдағы үш жылда 173 млрд теңге жұмсалады. Мемлекет басшысы Арыста орын алған жағдайға да тоқталып, мұның Қорғаныс Қүштерінде қалыптасқан проблемалардың көрінісі екендігін айта келіп, барлық әскери шығындарды реттеп, армиядағы қаржы және жалпы тәртіпті нығайту қажеттігін мәлімдеді.

## Экономика шикізатқа байланбауы керек

Ал, қарқынды және инклюзивті экономика дамыту ісінде алдымен шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыру қажеттігі атап көрсетілді. Еңбек өнімділігінің атап өсімін кем дегенде 1,7 есеге арттыруымыз керек. Елімізді өмірдегі көшбасшы ретінде танытып, Орталық Азиядағы беделімзді арттыру – стратегиялық міндет» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке

азаматтардың зейнетақы жинақтарын баспана алуға жұмсауын реттеуді де тапсырды. «Алдағы жылдары жағдай өзгеруі мүмкін. Зейнетақы жинақтаушы азаматтардың саны айтарлықтай азайып, зейнеткерлер саны артады. Бұл жағдайда зейнетақы активтерінен түсетін инвестициялық табыс көлемі де төмендейді. Сондықтан, Үкіметке Ұлттық банкпен бірге зейнетақы жүйесін тиімді ету бойынша маңызды жұмыс істеу керек. Қазір жұмыстағы адам өзінің зейнетақы қорын зейнетке шыққаннан кейін ғана пайдалана алады. Адамдардың бұл қаржыны зейнетке шыққанға дейін қолдансам деген ниеті түсінікті. Сондықтан, Үкіметке жыл соңына дейін жұмыстағы азаматтардың зейнетақы жинақтарын мақсатты пайдалану мәселесін пысықтауды тапсырамын. Мысалы, баспана сатып алу үшін немесе білім алу үшін» деді өз Жолдауында.

Мемлекет басшысы ел азаматтары үшін қымбатшылық тудырып отырған баға белгілеу мен тариф мәселесін де айналып өтпеді. Ол бұл ретте елдегі та-

байланысы бар шаруашылықтар ғана көріп отыр. Шын мәнісінде, жаңа жобалар бойынша компаниялар құрылып, жұмыс орындары ашылуы керек еді. Бұл «қарапайым заттардың экономикасына» тікелей байланысты. Бірақ, жергілікті әкімдер ұйымдастыру жұмыстарын талапқа сай орындамаған. Соның салдарынан салық және зейнетақы төлемдерін арттырып, жергілікті бюджетті нығайтуға жағдай жасалып отырған жоқ. Осыған орай, Есеп комитетіне және Қаржы министрлігіне қаражаттың жұмсалыуын қатаң бақылауға алуды тапсырамын. Елімізде кәсіпкерлікті дамытудың үлгі боларлық мысалдары жеткілікті. Біз шағын кәсіпкерлікті бүкіл қоғам болып қолдауымыз керек» дей келіп алдағы уақытта кәсіп иелерінің үш жыл салықтан босатылатынын мәлімдеді.

## «Жеріміз шетелдіктерге сатылмайды!»

Президент жұртшылықты толғандырып жүрген жер мәселесіне де арнайы тоқталып, «Мемлекет басшысы ретінде тағы да мәлімдеймін: жеріміз шетелдіктерге сатылмайды. Оған жол берілмейді. Бұл мәселе бойынша қауесет таратуды

Мемлекет басшысы бұл ретте шағын елді мекендерді ұстау, әділ салық салу және қаржылық реттеу мәселелерінің өзектілігін атап көрсетті. Үкіметті әлеуметтік аударымдар көлеміне назар аударуға шақырды. Мұның соңы жұмыс берушілердің жұмыс орындарын құруға деген ынтасын жойып, бизнестің көлеңкесіне кету мүмкіндігін кеңейте түсетініне назар аударған Президент Үкіметке қосымша зейнетақы қорына 5 пайыз көлемінде аударым жасауды 2023 жылға дейін қалдыруды тапсырды.

## «Дипломмен – ауылға»

Білім беру сапасына қатысты да нақты ұсыныстар айтылды. Бұл ретте оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына қошу қажеттігіне назар аударды. Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндік аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығында. Сондықтан «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыру қажет.

Осы жайлы айта келе Президент аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау үшін Үкіметке дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырды. Аткарушы билікке мәдениет қызметкерлерін қолдауға қатысты да нақты міндеттер жүктелді. Бұл орайда Президент олардың еңбекақысы соңғы жылдары мүлде көбеймегенін, соның салдарынан мәдениет қызметкерлері, әсіресе жас мамандар жеңілдігі бар тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайтынын, мұндай ахуал осы кәсіптің беделін түсіріп, лайықты кадрлардың тапшылығын тудырғанын айтты.

Сөзінің соңында Президент елімізді реформалаудың жаңа кезеңіне қадам басқанын айтып, бұл өзгерістің оң нәтижесін әрбір тұрғын сезінуі тиістігін мәлімдеді. Сонымен қатар «Реформаны тек реформа үшін жүргізуге жол берілмейді. Әрбір министрде және әкімде нәтижелі жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің тізімі болуы тиіс. Сол арқылы олардың нақты мақсатқа қол жеткізу деңгейі анықталады. Осыған байланысты, жақында тиісті Жарлыққа қол қойдым. Бұл Жарлықтың аясында елдегі ахуал, соның ішінде аймақтардағы халықтың жағдайы сауалнама негізінде нақты бағаланады. Үкіметтің әлеуметтік және экономикалық саясатқа жауапты құрылымдары қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес алдын-ала нақты жұмыс жүргізуі қажет» деді.

Жаңа Президенттің жаңа Жолдауының осындай жаңалығы көп. Оның әрқайсысы проблемадан шаршап, өзгерісті аңсаған көпшіліктің көкейінен шыққаны анық.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

## Сіз не дейсіз?

Мәулен ӘШІМБАЕВ, ҚР Президентінің көмекшісі:

### КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ ТЕТІГІ КӨП

— Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауында кәсіпкерлерді толғандырып жүрген аса маңызды проблемаларды атап өтті. Бұл — экономиканы несиелендірумен байланысты. Соңғы жылдары елімізде заңды тұлғаларға несие беру деңгейі күрт төмендеп кетті. Ал несиесіз экономика алға баспайды, дамымайды. Осы себепті Мемлекет басшысы ҚР Ұлттық банкі мен Үкіметке кәсіпкерлерге қолжетімді ұзақ мерзімді несие беруің тетіктерін қарастырып, осы сұрақты шешуді тапсырып отыр. Жалпы алғанда, бұл құжатта шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға қатысты жаңашылықтар көп.



Ғазиз ӘБИШЕВ, Саяси шолушы:

### 5 ПАЙЫЗДЫҚ ЖАРНАНЫҢ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛУІ ОРЫНДЫ

— Ақпарат құралдары жарыса жазып жатқан ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жолдауы қазақстандықтардың ықыласын бірге жаулап алды. Жолдауда айтылғандардың барлығы орынды және онда еліміздің келешегіне қатысты барлық сұрақтар қамтылған. Көпшіліктің көкейіндегі көп сұраққа жауап берілген. Бұрын біз алдымен экономика, соның саясат егең қағидалары ұстансақ, енді керісінше, алдымен саясатқа мән беріліп, реформалау мәселесі қолға алынбақ. Мысалы, митингке, парламенттің көп партиялы болуына мән берілуі осының айғағы. Сонымен қатар, жұмыс берушілердің зейнетақы қорына аударуы тиіс 5 пайыздық жарнаның кейінге шегерілуі де көптің көңілінен шыққан қадам болды.



уарлар мен қызметтер құнының жоғары екеніне тоқталды. Мысалға әуебилеттерінің бағасы Еуропа елдерімен салыстырғанда отыз пайызға қымбат. Бұл жағдай Қазақстанның авиация саласының бәсекеге қабілеттілігін жоғалтып, транзиттік әлеуетін төмендетіп отыр. Сондықтан, бұл саланы тез арада тәртіпке келтіру керек.

Жолдауда қала мен ауылды дамытуға серпін беретін шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі де назардан тыс қалмады. «Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 100 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Бірақ сарапшылардың пікірінше, қаржылай қолдаудың игілігін жергілікті билікпен

доғару керек» деп мәлімдеді. Әлбетте, алдағы уақытта жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің мүмкіндіктері іске қосылмақ. Бұл өте өзекті. Жағдай жерге тікелей салынатын салықтың төменгі жағдайынан қиындап отыр. Пайдаланбайтын жерді мемлекет меншігіне қайтаратын уақыт келді. Жер жұмыс істейтін адамға ғана тиесілі болу үшін Үкімет пен Парламент тиісті тетіктерді ұсыну керек. Бүгінде бұл мәселені шешпей, отандық агроөнеркәсіптік кешенді сапалы дамыту мүмкін емес. Өйткені, ет өндіру тек аналық бастың санын көбейтуге ғана емес, фермерлердің жем-азық дайындауға қажетті жердің жетіспеуіне тіреліп отыр.

## Ойталқы



Ерлан ҚАРИН, ҚР Президентінің кеңесшісі:

«Реформа үшін реформа жүргізудің қажеті жоқ екенін ашық білдірді.

Президенттің саяси кеңесшісі ретінде қоғамдық диалогты дамыту, азаматтық диалогты күшейту туралы бастамаларын ерекше атап өтер өдім. Әлбетте, Президент тарапының шағын және орта бизнесті дамыту бастамасының да маңызы зор. Мемлекет басшысы микро және шағын бизнесті салықтан үш жылға босату туралы Үкіметке заңнама-лық негіз әзірлеуді тапсырды. Менің ойымша, бұл кәсіпкерлікті дамытуға өте көрнекті жігер береді. Жалпы, Жолдау өте үйлесімді болды.

## ЖОЛДАУДАН НЕ ТҮЙДІҢІЗ?

Советхан СӘКЕНҰАЛЫ, Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот оққасының төрағасы:

Қай жерге митингке шығатындарына дөйін алдым ала хабардар өтулері тиіс. Менің ойымша, мысалы халық сотқа наразы болса сол соттың алдына жиналғаны жөн. Прокуратураға ма, сол жерге келіп, айтарларын айтсын. Әкімдік болса, әкімдікке барсын. Ал, Мемлекет басшысының Жолдауда айтқандарының ішінен қарпалайым халыққа ең жақын тапсырмасы азаматтардың зейнетақы қорындағы ақшасына қатысты ұсынысы болды. Негізгі қордағы ақша — халықтың өз ақшасы, жөкеменшігі. Сондықтан, оны халықтың қай уақытта аламын, қалай пайдаланамын десе өз еркі, құқығы болғаны дұрыс. Бір сөзбен айтқанда, қазақтың келешек тағдырын шешетін екі-ақ мәселе бар. Бірі мемлекеттік тілдің мәселесі, екіншісі жөң ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықпен күрес. Міне, осы екеуіне қатысты айқаста жеңіске жетсек, еліміздің ертеңі жарқын болады. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың өз Жолдауында осы аталғандарға ерекше дән қоюын жақсылықтың нышаны деп білемін.



Сауалнаманы дайындаған Камила ӘКІМБЕКҚЫЗЫ, «Заң газеті»